



Сыр бойы

Кызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№155
(20429)



13 қазан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Кызылорда көш басында: Инвестиция бойынша жоғары өсім

3 Егемендік есік ашқан дәуірде

5 Қарапайымдылығымен қадірлі еді

6 Самаурынның түтіні

ПРЕЗИДЕНТ

МАҚСАТ – САУДА АЙНАЛЫМЫН АРТТЫРУ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанға ілт-типат білдіріп, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін ризашылығын жеткізді. – Сіздің бүгінгі мемлекеттік сапарыңыз екі елдің ынтымақтастығына үлкен серпін береді деп ойлаймын. Біз

Түркиямен тең дәрежедегі ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға баса мен береміз. Бұл менің ерекше назарымда. Кездесуіміздің күн тәртібіндегі бірқатар мәселелер бойынша пікір алмасып, уағдаластыққа қол жеткізіміз деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

«ҚАТАР – ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ СЕРІКТЕС»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен шағын құрамда кездесуден кейін екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аудара отырып, қазақ-қатар қарым-қатынасының жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады.

Қазақстан Президенті Қатардың әлемдік аренада маңызды рөл атқаратын халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі екенін атап өтті.

2-бет

Мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға екі жақтың да ниетті екенін нақтылады. Қасым-Жомарт Тоқаев қатарлық компанияларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеп, оларды еліміздегі бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырды.

СЕССИЯ

КӨПСАЛАЛЫ АУРУХАНА ЖӘНЕ ЕМХАНА САЛУҒА ҚОЛДАУ БАР

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XX сессиясы өтті. Сессияны облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жүргізді. Жиынға облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары қатысты.

Күн тәртібінде 11 мәселе қаралды. Оның ішінде облыстың денсаулық сақтау саласын жақсарту шаралары, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жайы, кейбір мәслихат шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу, елді

мекендерде жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын бекіту сынды мәселелер талқыланды. Әр мәселе бойынша жауапты сала басшылары баяндама жасады.

Жиында аймақ басшысы биылғы 9 ай ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында әр салада айтарлық өсім қалыптасқанын жеткізді. Мәселен, өңдеу өнеркәсібі 8,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 3,1, инвестициялар тарту 24, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 3,5, құрылыс жұмыстарының көлемі 35,1 және сауда көлемі 2,3 пайызға өскен.

Облыс басшысы мұнай қорының

саркылуына байланысты жаңа кен орындарын анықтау мақсатында өткен жылдан бері «Шу Сарысу», «Арал» және «Сырдария» шөгінді бассейндерінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары жүргізілгенін баяндады.

Өңдеу саласында облыстың ірі кәсіпорындары өндіріс көлемін арттырмақшы. Мәселен, уран өңдеумен айналысатын «Байкен - U» ЖШС 15%-ға, ас тұзын өндіретін «Аралтұз» АҚ 50%-ға және мұнай саласына қажетті полиэтиленді құбырлар шығаратын «КНҚ Мемикал» ЖШС 60%-ға арттыруға ниетті.

2-бет

ӘКІМДЕР РЕЙТИНГІ: ОБЛЫС ӘКІМІ ҮЗДІК БЕСТІКТЕ

Тамыз және қыркүйек айларында әкімдердің рейтингін бағалаудың негізгі көрсеткіштері ауыл шаруашылығы, жылу маусымына дайындық, халықпен ашық диалог, табиғи және техногендік апаттарды жою жұмыстары, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсарту болды.

Сарапшылардың айтуынша, биыл Қызылорда облысында негізгі макро-экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Оның ішінде инвестиция көлемі 6 пайызға артты. Сондай-ақ, Сырдария өзенінің жоғарғы сағасында орналасқан мемлекеттермен су ағынының көлемін былтырғымен салыстырғанда ұлғайту, жылу беру маусымына 100 пайыз дайын болу жөнінде келісімге қол жеткізу – Нұрлыбек Нәлібаевтың еңбегі. Мамандар Қызылордада жаңа жылу-электр станциясын салу туралы келісімге келуді де жоғары бағалайды.

Облыста жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл аймақта

347 шақырым жол жөндеді. Сондай-ақ, республикалық жолдардың сапасы бойынша 82 пайызға жеткен.

Қызылорда облысында елімізде жалмақын өсімі бойынша көрсеткіш 31,3 пайызды құрайды. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылмен салыстырғанда екінші жарты-жылдықтағы көрсеткіш 24 пайызға артқан.

Нұрлыбек Нәлібаев кәріз құдығына құлаған 2 жасар баланы құтқарып қалған жасөспірімге екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстады. Сонымен қатар бірнеше ірі жобалардың іргетасын қалады. Атап айтқанда, жаңа «Неке сарайы», «Өнер сарайы», «Қан орталығының» құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Биыл дәстүрлі тамыз кеңесінде облыстың үздік мектебіне 34 млн теңгенің сертификатын берді.

Оған қоса, биыл мектеп түлектеріне облыс әкімінің 100 білім гранты бөлінген болатын. Тамыз айында Президент аймақ басшысын қабылдап, облыстың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«СБ» ақпарат



ӨРКЕН

ЖАҢА ЖОБАЛАР – БАТЫЛ БАСТАМАЛАР НӘТИЖЕСІ

Өзімізге салса, «Алаштың анасы» деп дәріптеп келген қасиетті Сыр өңірі кезінде алып империяның ахуалын тіктеп, қырда қаптап төрт түлігі өрген, ойда жайқалып астығы өнген шаруашылық аймақ ретінде айдарынан жел ескенімен, өндіріс өркеніеті жөнінен Қазақстанның басқа аумақтарына қарағанда қаражаяулау, қатарынан кенже қалыңқырап келгені жасырын емес. Егемендіктің қарсаңында қазынасы тұнған бұлақтың көзі ашылып, «қара алтынымен» дәурені жүріп, дәрежесі артса, ол да – сол кездегі өңірді басқарған білікті маман, көкіектегіні болжай білетін көрген көңіл көшбасшы тұлғалардың жанкешті еңбегінің нәтижесі. Бүтін бір елдің маңдайына біткен маркасқа перзенттің қадір-қасиеті осындайда танылса керек.

4-бет



СҰХБАТ

ДИҚАН ЕҢБЕГІ ДӘРІПТЕЛЕТІН ШАҚ

Сыр өңірінің диқандары тағы бір маңызды науқанды межелі мерзімінде абыроймен атқарып шықты. Қамбаға күміс дән құйылып, елдегі еңбекші қауым бейнеттен бел жаз бастады. Шынында, Сыр диқандары биылғы су тапшылығы жағдайында жинақы қимыл көрсетіп, үлкен жауапкершілікпен еңбек етті. Өрбір түйір дәннің бітік шығуына қаншама тер төкті. Осылайша қара жерден несібе терген қарапайым шаруа адамының мерейі тасып, табысқа кенелуде. Диқандардың дәстүрлі мерекесі қарсаңында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

4-бет

НАН БАҒАСЫ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Ас атасы – нанды тұтынбайтын адам жоқ. Кейінгі уақыттағы құбылған баға нанның да нарқын теңселтіп тұр. Күніне оншақты бөлке нан алатын көпбалалы отбасы үшін бұл енді қалтаға кедімгідей салмақ. Нарық қалай көтерілді? Өңірлер бойынша жүгінетін дерек қандай? Саралап көрейік.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

6-бет



БАСПАСӨЗ – 2023



Құрметті оқырман!

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу басталды. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



МАҚСАТ – САУДА АЙНАЛЫМЫН АРТТЫРУ

Өз кезегінде Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа мамыр айында Түркияға мемлекеттік сапары мен Нью-Йорктегі екіжақты кездесуден кейін қайтадан жүздесіп отырғанына қуанышты екенін атап өтіп, қонақжайлығы үшін алғыс айтты.

– Бүгін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 4-отырысын өткіземіз. Сондай-ақ ертең Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммитіне қатысамыз. Сіздің көшбасшылығыңызбен жүргізілген реформалар қазақ халқының тыныштығын сақтап, әл-ауқатын жақсартатынына сенімім мол. 20 қараша күні болатын Президент сайлауы әділ әрі жаңа Қазақстан үшін қайырлы болуын және сізге сол сайлауда сәттілік тілеймін, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Сондай-ақ Түркия Президенті жаһандық және аймақтық тұрақсыздық белең алған шақта түркі мемлекеттерінің ынтымағын одан әрі нығайту қажет екенін, сондықтан стратегиялық серіктес ері бауырлас ел Қазақстанның қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, территориялық тұтастығына және экономикалық әл-ауқатының жақсаруына айрықша мән беретінін жеткізді.

– Түркияға мемлекеттік сапарыңыз барысында қол қойылған 14 ынтымақтастық туралы құжат пен ортақ декларация қарым-қатынасымызға тың серпін берді. Бүгін осы келісімдерге қосымша жаңа құжаттар қосылды. Атажұртыма келген маған және менің делегацияма қонақжайлық көрсеткеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Қазақстан мен Түркия президенттері екі елдің Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің IV отырысын өткізді.

Алдын ала бекітілген күн тәртібіне сәйкес, жиында сыртқы саясат және инвестиция саласындағы іс-әрекет, сауда-экономикалық ынтымақтастық, көлік-логистика және әскери өндіріс саласындағы ықпалдастық, энергетика саласындағы байланыстар және ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық секілді 5 мәселе талқыланды.

Сонымен қатар жиында екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқаны жайлы айтылды.

– Мақсатымыз – сауда айналымын 10 миллиард долларға жеткізу. Анкара соңғы 15 жылда Қазақстанға 4,35 миллиард доллар инвестиция құйды. Ал біздің еліміз Түркияға 1,13 миллиард доллар қаржы салды. Түркия Қазақстанның ең ірі 10 инвесторының қатарында тұр. Жалпы, екіжақты сауда-саттық әлеуетін арттыру жолында транзиттік тасымал бағыттары маңызды рөл атқарады. Біз тасымал шығынын азайтып, жеткізу мерзімін қысқарту үшін Транскаспий дәлізін дамытуға шақырамыз. Бүгінгі кездесуде біз оны талқыладық. Көзқарасымыз бірдей. Биыл маусым айында Бакуде ұшжақты форматтағы кездесу өтті. Біз бұл дәстүрді жалғастыруға ниеттіміз. Келесі басқосуды Ақтауда өткізуді ұсынамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

– Қазақстан экономикасын әртарапандыруға біз әрдайым атсалысып келеміз. Халықты жұмыспен қамтуға байланысты бастамаларымызға біздің компаниялар да өз үлесін қосатынына сенімдіміз. Біз сауда айналымын қысқа мерзімде 5 миллиард, орта мерзімде 10 миллиард долларға жеткізуге келіскен болатынбыз. Өзірге бәрі жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді. Көлік-логистика саласындағы ынтымақтастығымыз біздің орта мерзімге жоспарлаған межелімізге тез жетуге мүмкіндік береді. Каспийдің маңызы артып келеді. Бакудегі ұшжақты кездесу сәтті өтті. Ақтаудағы басқосу бұл жұмыстарды ілгерілетеді деп сенеміз. Біз жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін арттыру жөніндегі әлем алдындағы міндетімізді тиісті деңгейде орындап келеміз. Бұл тұрғыда астығы мол Қазақстанның әлеуетін пайдалануға болады деп есептеймін, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Елімізде мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға Қазақстан Республикасының I дәрежелі «Достық» ордені табыс етілді. Орденді табыстау рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентінің елін алға бастан келе жатқан нағыз көшбасшы деп атап өтті.

Екіжақты кездесу мен Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 4-отырысынан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған бұқаралық ақпарат құралдары үшін брифинг өткізді.

1-бет

«ҚАТАР – ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ СЕРІКТЕС»

Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, энергетика, мұнай-химия, тау-кен өнеркәсібі, қаржы салаларында мол мүмкіндіктер бар екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстан мен Қатар арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнағанына 30 жыл толатынын атап өтті.

– Бұл – ерекше мерейлі белес. Осы мерзім ішінде біз тығыз мемлекетаралық ынтымақтастық орнаттық. Сындарлы саяси диалог құрдық. Осының бәрі дәстүрлі достық пен берік әріптестікке негізделген. Астанадағы «Әл-Фараби» мешіті мен шейх Тәммим атындағы білім ордасы – осының айқын көрінісі. Сондай-ақ, жуырда Алматы облысының Өтеген батыр кентінде перинаталды аурухананың құрылысы басталды. Біз Қатар Мемлекетінің елімізді көркейтуге қосқан үлесі мен жан-жақты қолдауын ешқашан ұмытпаймыз. Болашақта да қазақ-қатар қатынастарын әрі қарай дамытуға дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад әл-Тани Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтып, алдағы Республика күні мерекесімен құттықтады.

Қатар Әмірі Қазақстанмен арадағы жан-жақты байланыстарды одан әрі дамытуға ниетті екенін атап өтіп, екіжақты үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандыру қажет екенін айтты. Сондай-ақ қожалықты құрылымдар бойынша, оның ішінде АӨСШК аясындағы жұмыстарды жалғастыру қажет екенін жеткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниге Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденін табыс етті.

Орден табыстау рәсімінде Мемлекет басшысы Қатар Әмірінің халық алдындағы абырой-беделін, ел басқару ісіндегі даналығы мен ерекше тұлғалық қасиеттерін, әлемдегі бейбітшілікті сақтауға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосқан зор үлесін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тани шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздерден кейін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін брифинг өткізді.

Президент келіссөздерге мәнді де, мағыналы пікір алмасу болды деп баға берді.

– Жалпы, Қатар – біз үшін Таяу Шығыстағы өте маңызды серіктес. Себебі Доха біздің әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларымызға алғашқылардың бірі болып қолдау көрсетті. Мен мұны бүгін шейх Тәммимнің өзіне де айттым. Оның екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Халқымыздың атынан ризашылық білдірдім, – деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі уақытта Қатардың бірнеше компаниясы Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласында табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың өнімі біркәрт мемлекетке экспортталады. Сонымен қатар тараптар геологиялық барлау, тау-кен өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және банк секторын дамытуға уағдаласты. Осыған орай бүгін біркәрт маңызды құжаттарға қол қойылды.

1-бет

КӨПСАЛАЛЫ АУРУХАНА ЖӘНЕ ЕМХАНА САЛУҒА ҚОЛДАУ БАР

Ал, шыны зауытының күйдіру пеші қажетті температурасына жетіп, 9 қазанда алғашқы сынама шыны өнімі өндірілді. Қазіргі таңда шығарылған өнімді қажетті сапаға жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

Сессияда облыс әкімі бірлескен шұғыл шешімдердің нәтижесінде халық көптен күткен көпсалалы аурухана және емхана салуға қолдау таптық деді.

– Өңірге келгелі бюджеттің мүмкіндігіне иек артып ғана қоймай, елге жанашыр демеушілерді тарта отырып, әлеуметтік нысандар салуды қарқынды түрде бастап кеттік. Қазіргі таңда бюджетке көптеген қосымша қаражат тартуға жұмыс жасалуда. Бұған дейін Қызылорда қаласынан көпсалалы аурухана және емхана салуға республикалық бюджеттен 36,4 млрд теңгеге ұсыныс берген болатынбыз. Сәті туып, қаржы алуға қолдау таптық. Құрылыс жұмыстарын келесі жылы бастауға 750 млн теңге бөлуге



шешім қабылданды. Бұл – өңір үшін үлкен мүмкіндік.

Білім саласында да жақсы жетістіктер бар. Келесі жылы жана мектептер салуға 19

1-бет

ҚЫЗЫЛОРДА КӨШ БАСЫНДА: ИНВЕСТИЦИЯ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ ӨСІМ

Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының 2022 жылдың қаңтар-қыркүйек айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы мәселесі қаралды. Жиынға тиісті сала басшылары мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысты.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуаныров сессі кезінде республика экономикасының өсу қарқыны 2,8%-ды құрағанын баяндады. Салалар арасында ауыл шаруашылығы 6,9%-ға, ақпарат және байланыс 6,7%, құрылыс 5,1%, көлік және қоймалау 4,8%, өңдеу өнеркәсібі 4,6%, сауда 4,3% және тау-кен өнеркәсібі 0,1% оң динамиканы көрсетті.

Министр өз баяндамасында Қызылорда облысы негізгі капиталға салынған инвестиция

бойынша жоғары өсім көрсеткенін атап өтті. Есепті кезеңде инвестиция тарту көлемі 24%-ға жоғарылаған өңіріміз республика бойынша көш басында.

– Өңірлер арасында ең жоғары көрсеткіш Қызылорда, Алматы және Ақмола облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларында байқалауда, – деді Әлібек Қуаныров.

Есепті кезеңде өңірде құрылыс жұмыстарының көлемі 35,1, инвестиция тарту 24, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 3,5 жөне сауда көлемі 2,3%-ға артты. Бұл – жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Премьер-Министр шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, жана жұмыс орындарын құруды ынталандыру бойынша нақты шараларды пысықтауды, сондай-ақ бюджеттен қаржы-ландырылатын инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша қаражатты толық әрі

тиімді игеруді қамтамасыз етуді тапсырды.

Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиын өткізіп, аймақта мұнай өндірісі азаю салдарынан төмендеген өнеркәсіп саласынан бөлек макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасқанын атап өтті.

Биыл 9 ай ішінде 3 млн тонна мұнай өндіріліп, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 191,8 мың тоннаға азайған. Дегенмен, өңдеу өнеркәсібінде өсім 8,6 пайызды құрады. Жыл аяғына дейін облыстың ірі кәсіпорындарының өндіріс көлемін арттыру межелі бар.

Уран өңдеумен айналысатын «Байкен-У» ЖШС 15%-ға, ас тұзын өндіретін «Аралтұз» АҚ 50%-ға және мұнай саласына қажетті полиэтиленді құбырлар шығаратын «КНҚ Кемикал» ЖШС 60%-ға арттыруды жоспарлауда.

Өңдеу саласын дамытуға бағытталған Индустрияландыру

жобаларының 3-бесжылдығы аясында өңірде жалпы құны 654 млрд теңге болатын 46 жоба бойынша жұмыс жүргізілуде.

Облыс әкімі өңдеу өнеркәсібі бойынша қала әкімі Асылбек Шәменовке кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен, статистика департаментімен бірлесіп жыл қорытындысы бойынша межелі көрсеткіштерге жету үшін жұмыс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемі бойынша Жалағаш ауданының әкімі Аскарбек Есжановқа да тиісті тапсырма берілді.

Жиын соңында аймақ басшысы қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына барлық индикаторлық көрсеткіштерді жоғары деңгейде ұстап тұруды және кәсіпкерлік нысандар ашу арқылы халық табысын көбейту, жана жобаларды дамытып, инвестиция тарту қарқынын әлі де күшейту қажет екенін айтып, біркәрт нақты тапсырмалар берді.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҚҰРУДАҒЫ НАҚТЫ НӘТИЖЕ

ҚР Премьер-министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықты жұмыспен қамту мәселесі қаралды. Жиынға тиісті сала басшылары мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысты.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова соңғы жылдары қазақстандық еңбек нарығында жұмыс күші айтарлықтай өскенін хабарлады. Мәселен, 2016-2020 жылдары бұл көрсеткіш орта есеппен 36,4 мың адамды құраса, 2021 жылы 76 мыңға жетті. Бұл жағдай, ең алдымен, 2000-жылдардан бастап дүниеге келген жастардың еңбек нарығына қосылуына байланысты.

Еңбек министрі халықты жұмыспен қамту, әсіресе тұрақты жұмыс орындарын құру

көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы аймақтар арасында нәтижелі жұмыспен үздіктер қатарында екенін жеткізді.

– Өңірлер бойынша Ұлттық жоба аясында жана жұмыс орындарын құру бойынша ең төменгі көрсеткіш Қостанай, Ақтөбе, Ақмола облыстарына тиесілі. Осыған орай, Қызылорда облысының өте жақсы нәтижеге қол жеткізгенін атап өткен жөн. Қызылорда облысындағы ең жоғары көрсеткіш – 88%, оның ішінде 84 пайызды зейнетақы аударымымен расталған, – деді Тамара Дүйсенова.

Жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысы Әліхан Смайыловқа өңірдегі өсім туралы баяндап, биыл 30 мыңнан аса жана жұмыс орын құру жоспарланса, қазіргі таңда 21,8 мың жана жұмыс орын ашылғанын айтты.

– Ұлттық жобалар шеңберінде 3,2 мың адам жұмысқа

орналастырылып, олардың зейнетақы аударымдары 84%-ды құрды. «Кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасына» 41,2 мың адам қатысты. Оның ішінде, 9,2 мыңы бос жұмыс орынына, 12,9 мыңы субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылды. 2,3 мыңы қайтарымсыз грант алып, жеке кәсібін ашты. Қалған 16,8 мыңы онлайн курстар мен қысқа мерзімді оқу курстарына жолданған.

Президент тапсырмасына сәйкес биыл облыста 4587 жұмыс орын құру жоспарланған. 9 айдың қорытындысымен 5691 жұмыс орыны ашылды, көрсеткіш 124,1 пайызға орындалды, – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ, өңірде 100 мың жасты жұмыспен қамту тапсырмасына сәйкес келесі жылы аймақта 6 мыңға жуық жасты жұмыспен қамту жоспарлануда. Оның ішінде 3 мың азамат бос

жұмыс орындарына орналасса, 3 мың адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылмақ. Нәтижесімен жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,9%-ға дейін төмендейтін болады.

Айта кетейік, жана жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтып, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту, қысқартудың алдын алу және жалақы көлемін 50%-ға дейін арттыру бағытында облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынымен меморандум жасалды.

САЛА БАСШЫЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиында Сыр еліне арнайы келген ҚР Қаржы министрлігінің аппараты басшысы Абзал Бейсенбекұлы Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің жаңа басшысы Аманов Ғани Мырзақабилұлын таныстырды.



Ғани Аманов 1979 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданында дүниеге келген. Алматы су шаруашылық техникумын «Есепші», Әл Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетін «Құқықтану» және Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша бітірген. Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің құқықтану магистрі.

Еңбек жолын 2003-2006 жылдары Алматы облысының Талдықорған қаласы бойынша салық комитеті заң бөлімінің бас маманы, бөлім басшысы қызметтерін бастаған. 2018 жылға дейін Алматы облысы, Астана және Алматы қалаларында салық департаментінің басқарма басшысы жауапты қызметтерінде жұмыс жасаған. 2018-2021 жылдар аралығында «Астана – ЕХРО-2017» корпоративтік қорының Бас директоры, «Bolashaq Investment»

компаниясының атқарушы директоры қызметтерін атқарған.

2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті кадр және ішкі әкімшілендіру департаментінің директоры қызметін атқарып келді.

Бұған дейін Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысы қызметін атқарған Орынво Ғалымжан Қалдықозұлы ротация тәртібімен республикамызда жанадан құрылған Ұлытау облысына департамент басшысы лауазымына тағайындалды.

Басқосуда «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқарма төрағасының бұйрығымен «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы облыстық филиалы директоры лауазымына тағайындалған Абибуллаева Аида Ибрагимқызы таныстырылды.

жерлесіміз Ғани Мырзақабилұлы жауапты қызметтің тізгінін ұстап, ел игілігі үшін қызмет етуге келді.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев салық түсімін өңірлердің өзіне бере бастағанын айтып, бұл жұмысты жалғастыру қажеттігіне ерекше тоқталды.

Алдағы уақытта осы салада бірлесіп атқаратын жұмыстар жеткілікті. Департамент басшысы қызметіне тағайындалған Ғани Мырзақабилұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай қызмет етеді деген сенімдіміз мол.

Бүгінгі күні «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы облыстық филиалында 1000-ға жуық қызметкер жұмыс жасап, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді «Бір терезе» қағидаты бойынша көрсету, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, ғимараттар мен құрылыстарды техникалық тексеру, мемлекеттік жер кадастрын жүрг

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ



Кеше өткен облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі Нұрлан Нұржанов Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Сәуле Құлымбетованың құрметті еңбек демалысына шығуына байланысты жаңа комиссия төрағасын таныстырды.

Облыс әкімі Сәуле Құлымбетованың осы саладағы қажырлы еңбегін атап өтіп, аймақ жұртының атынан алғысын білдірді.

«Сәуле Ибрагимқызы басшылық жасаған жылдары 708 мемлекеттік аудит объектісіне сыртқы мемлекеттік аудит жүргізіліп, анықталған қаржылық бұзушылықтардың 18,9 млрд теңгесі бюджетке өтелген және қалпына келтірілді. Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудиттің нәтижесінде 83 отырыс өткізіліп, заң бұзушылықтарды жою, келтірілген шығындарды қалпына келтіру мазмұнында 607 нұсқама мемлекеттік аудит объектілерінің басшыларына орындау үшін берілген. Экономика және бюджеттік жоспарлау саласында көп жылғы атқарған нәтижелі еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасымен марапатталды. Бұл Сәуле Ибрагимқызының өлшеусіз еңбегіне берілген айрықша баға деп есептейміз», – деді Н.Нәлібаев.

Жынында аймақ басшысы Президент Әкімшілігінің келісімімен және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ұсынысымен Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына тағайындалған Мұса Қалдарбековтың алдағы жұмысына сәттілік тіледі.



«Мұса Оспанұлы – Қызылорда облысының тумасы, тәжірибелі маман, жауапты салаларда басшылық қызмет атқарған әлеуеті жоғары кадр. Әр жылдары қаржы және салық салаларында жауапты басшылық қызметтер атқарған. 2019 жылы Қармақшы ауданының әкімі, одан кейінгі жылдары экономика секторындағы екі ірі басқарманы абыроймен басқарып келді. Алдағы уақытта Мұса Оспанұлы тек өңірдің емес, республика деңгейіндегі экономика саласының білікті майталманы ретінде бюджет қаржысының мақсатты бағытталуына, тиімді жұмсалынуына және Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай еңбек етеді деген сенімім мол», – деді облыс әкімі.

Мұса Қалдарбеков 1972 жылы туған. Алматы технологиялық институты мен Алматы технология және бизнес университетін бітірген. Еңбек жолын Кентау қаласындағы тігін фабрикасында жұмысшы болып бастаған. 1991-1997 жылдары – Жаңақорған өндірістік комбинатының жұмысшысы, «Кереге» кіші мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары. 1997-2011 жылдары Алматы қаласының салық органдарында жауапты басшылық қызметтер атқарған.

2011-2019 жылдары – Батыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті бастығының орынбасары, Қызылорда, Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары. 2019-2021 жылдары – Қармақшы ауданының әкімі, 2021-2022 жылдары облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы.

2022 жылдың мамыр айынан бастап облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы қызметін атқарды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЕГЕМЕНДІК ЕСІК АШҚАН ДӘУІРДЕ

Осыдан кейін демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға өзгерістер енгізіле бастады.

Алайда, декларация еліміздің КСРО құрамынан толық бөлініп шығуын білдірмеді, дегенмен, тәуелсіздікке жасалған алғашқы нық қадам болды.

Осындай саяси мәні бар оқиғаларға байланысты Республика күні 1992 жылдан бері аталып келе жатқанымен, мемлекеттік мерекелер тізіміне 2001 жылы ғана енгізілді. 2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгерістер енгізіліп, 30 тамыз Конституция күні ұлттық мереке болып белгіленді де, Республика күні қайтадан мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды. Бұл – Республика күнінің бәрімізге мәлім қысқаша дерегі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні мерекесінің тарихи маңыздылығын атап, қайта жаңғырту керек екенін мәлімдеген соң, 29 қыркүйекте ұлттық мереке ретінде қайта бекіту туралы заңға қол қойды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деді Президент Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында.

Ал, ұлттық мереке ретінде тойланып келген 16 желтоқсандағы тәуелсіздік күні мереке емес, еске алу күні сипатында ерекшеленетін болды.

Мен өз басым мұны өте дұрыс қабылдаймын. Президент халықтың ойында жүрген түйткілге терең мән берді. Рас, 16 желтоқсан – ел тәуелсіздігіне тікелей әсер еткен тарихи күн жады. Бірақ, бұл күні ұлт дербестігін көксеген ержүрек өрендердің нақақ қаны төгілді, ұлт намысын ұран қылған қаншама жас жаны жараланды.

Сондықтан бұл күннің мереке емес, еске алу күні болу керектігі анық болатын.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан жағдайының бірден данғыл жолға түсіп жүре бермегені, күреске толы болғаны бар-шамаша аян.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бастап, мемлекеттің алдында тұрған міндеттер айқындалып, жасалатын жұмыстың жүйесі тізбектелді. Тұтас әлемнің дамуына тусуа болатын дүниеелер бар еді.

Мәселен, экстремизм мен зорлық-зомбылықты қолшоқпар қылған ойыншылардың бой көрсетуі, бұған қоса санкциялық, «валюталық» және сауда соғысы барлық елдердегі проблемаларды ұшықтыра түсті. Климаттық өзгеру үдерістерінің салдары түрлі катаклизмдерге соқтырды. Сондай жаһандық үдеріс, экономикалық тұрақсыздық жас мемлекетіміз үшін үлкен сын болды. Күллі халық болып сол қиындықтарды еңсерді.

Осындай өліарада діни жат ағым, жемқорлық секілді тосқауылдар торы қалындап кетті. Олардан басқа еліміздің бола-

Қазақстан тәуелсіздікке дейін-ақ өзінің жеке мемлекеттігін танытып үлгерді. Бұған 1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылдауы себеп болды.

Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Осы декларацияның қабылдануымен еліміздің егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. Әлем картасындағы жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды.



шағына зиян келтіретін әртүрлі жағдайлар орын алып жатты.

Алмағайып заманда сол күрмеулі проблемалардың шешімін табатын жоспарлы жұмыстар атқаруға ерекше мән берілді.

«Болашағымызға зиян келтіретін» деген сөзге тоқталайын.

Мен он екі жыл КР Парламенті Сенатының депутаты, алты жыл Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы болдым.

Осы жерде салыстырмалы түрде сөз қосуға тиістімін. Кеңес Одағы кезінде депутаттар өз сайлаушыларының аманатын орындау жолында нәтижелерге қол жеткізе білді. Алайда, заң қабылдау мәселесінде жасыратыны жоқ, кеңестік басшылар көпшен санаспады. Сондықтан да олар депутаттардың денін жұмысшы, шаруа ортасынан алып отырғызды. Оны еңбек адамына деген құрмет деп түсіндік. Бірақ, елімізге пайдалы заңдар қабылданып жатыр ма, жоқ па, оған мән берілмеді.

Байқоңыр Ресей мен Қазақстанның космос саласындағы қарым-қатынасының негізі екені белгілі. Кешенді тиімді пайдалану екі ел үшін де шын мәнінде маңызды және қажетті.

1994 жылдың 10 желтоқсанындағы Ресей мен Қазақстан арасындағы космодромды жалға алу келісім-шартында Байқоңыр қаласы – жалға берілген Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық бірлігі деп көрсетілген. Демек, бұл қалада Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптары бұлжытпай орындалуы тиіс.

Жалға алу келісім-шартына сәйкес, тиісінше, әрбір сала Ресейдегі өз әріптестерімен келісімдер жасасады. Екі елдің Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде оқытылатын мектептердің тыныс-тіршілігі туралы білім саласындағы келісім 2006 жылғы 21 қарашада жасалды. Осы келісімнің жүзеге асуы барысында Байқоңыр, Төретам, Ақай елді мекендерінде тұратын оқушылардың сапалы білім алуына көптеген кемшіліктер мен қайшылықтар әсер етті.

Қаладағы қазақ тілінде білім алатын мектептерде білім бағдарламалары Ресей Федерациясының мемлекеттік білім стандарттары негізінде және оның талабына сай жүргізілді. Аталған келісімнің кіріспесінде «екі жақ та өз азаматтарының оқыту

тілін таңдау конституциялық құқығының іске асуын қамтамасыз етеді» деп жазылғанымен, сол келісімнің 4-бабында «қазақ тілінде білім алатын мектептердегі білім бағдарламалары Ресей Федерациясының мемлекеттік білім стандарттары негізінде және оның талабына сай жүргізіледі» деп көрсетілген.

Осыған байланысты, қазақ сыныптарының оқушылары Ресей оқулықтарының қазақ тіліндегі аударылымын оқуға мәжбүр болды. Ең өкініштісі – оның өңделмей, сол қалпында аударылып оқытылуы. Мысалы, 1-сыныптың «Бізді қоршаған әлем» оқулығында «Өз еліміз және каламыз туралы не білеміз?» деген сұрақтың жауабы: «Біздің еліміз Ресей деп аталады. Ол – әлемдегі ең үлкен ел. Бұл – біздің Отанымыз» деп беріліп, Ресейдің елтанбасы мен туы көрсетілген. Мектеп есігін ашқан бойда осындай таныммен білімденген балаларда қандай патриоттық сезім болмақ?

Сенат депутаты болып жүрген уақыттағы айналысқан көп мәселенің бірі осы жағдай еді. Ресей Білім және ғылым министрлігімен келісе отырып, негізгі келісімге өзгертулер енгізіп, Парламентте ратификациялауға атсалыстым.

Айтайын дегенім, кеңестік дәуір депутаттары мұндай саяси астары бар жағдайларға араласа алмас еді.

Тәуелсіздігіміздің басты жетістіктерінің бірі – заң шығарушы органға заңгерлерді, экономистерді, саясаткерлерді таңдауы. Олар халықтың ішінде болып, елдің ахуалын аралап көрді. Қай салаға қандай заң пәрмені қажет екенін жақсы түсінді. Сол себепті депутаттарға күндіз-түні жұмыс істеуге тура келді.

Ел егемендігі туралы сөз болғанда жастардың бойында қалыптасқан патриоттық сезім туралы айтпай тұра алмаймыз. Тағы да салыстыра сөйлеуге тура келеді.

Кенес дәуіріндегі балалар коммунистік қағидамен өсті, бұл бағыттағы идеология өте мықты болатын. Қызыл галустігі үгіттелмей мектепке келген баланың тәртібі қаралатын, аты-жөнін қабырға газетіне әжуалап жазатын.

Біздің дәуіріміздің балалары ұлттық рухпен өсіп келеді.

Қазір кез келген мектепке бара қалсаңыз, ұлттымыздың үш біннен бастап, барлық ұлыларымыздың бейнесі ілініп тұр. Бұрын Маркс, Энгельс, Ленин, сосын орыс оқымыстылары ғана болатын, арасына Абай мен Алтынсарин ғана қосылатын.

Бүгінгі жетістіктеріміз бен ұлттық рухта тәрбиеленіп жатқан балалар бойынан табылатын идеологиямыздың игіліктері – тек қана тәуелсіздігіміздің жеңісі.

«Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең-байтақ Қазақстанды асқақ армандарыңмен бағыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысына марқайып, әрдайым тілеуінді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық күдіретіне сенемін», – деді Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» аталатын мақаласында.

Президенттің: «Біздің ұстанымымыз: «Ел бірлігі – оның әралуандығында!».

Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттарлық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін», – дейтін сөзін де жастар санасына сіңіре беруге тиіспіз.

Әлемді Жаратқан күш барлық адамды бірдей қылып жаратуға да қауқары жеткілікті, шексіз күдірет иесі емес пе? Өу бастағы әртүрлі адам, әр бөлек ұлттың жаралуы жаулау емес, жақындасу мақсатын көздегені хақ.

Мен көп жыл педагогика саласында еңбек еттім, әлі де білім-ғылым жолында келемін.

Қызылордадағы Сырдарияның сол жағалауына көрік беріп, алыстан менмұндайтың «Болашақ» университетін салдым. Жастардың білім алуы үшін барлық заманауи жағдай бар. Оқу кешенінің жан-жағы жасыл желек, кешқұрым бұл маң қаранғылықты түре қуып, су бетіне суретін түсіріп тұрады. Биыл жыл аяғына дейін еңселі кампуспен бой таластырып 1250 орындық Универс-холл есік ашпақ.

Осы ауқымды жұмыс еліміздің ертеңгі иесі бүгінгі жастардың игілігі үшін жасалды. Сондай еңбегіме тәуелсіз еліміздің «Барыс» «Парасат», ордендерін, Англиядағы атакты Оксфорд университетінің «Ғылымдағы атағы үшін» аталымы бойынша «Сократ» орденін омырауға тақтым. Бұл – беделді 27 университеттің ректорларынан құралған «Еуропадағы ректорлар клубының» шешімі бойынша берілетін мерейлі марапат. Бірақ, мен атақ үшін емес, ұлт рухындағы қазақ балаларының қабырғалы азамат болып қалыптасуы үшін еңбектендім.

Тәуелсіздігіміз берік болып, еліміз дами берсе, жастарымыздың біздің аманатымызды алға апаратынына сенімдімін. Сол жастарды өзіміз тәрбиелеп жатырмыз.

Мұның бәрі – егемен еліміздің, тәуелсіздігіміздің шапағаты.

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,
экономика ғылымдарының докторы,
Ұлттық ғылым академиясының академигі

БРИФИНГ

Құрылысы қарқынды Қызылорда

Аймақта сәулеті жарасқан әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды дамып келеді. Биыл өңірде жалпы құны 22 миллиард теңгеден асатын 108 нысанның құрылыс жұмыстары жүрде. Бүгінде 7 нысан ел игілігіне берілген. Енді жыл соңына дейін 97 нысан пайдалануға берілетін болады.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқарма басшысының орынбасары Мәди Әліп баяндады.

Ақтілек БҒІТМБАЙ,
«Сыр бойы»

– Осы уақытқа дейін Әйтеке би кентінде 250 орындық ем-хана, 2 медициналық бекет, Жалағашта Оқушылар үйі мен Таң ауылында дәрігерлік амбулатория, Арал қаласында

200 орындық мектеп пен 100 орындық интернат және шыны зауытының теміржол тұйығы салынды. Қазіргі таңда білім саласында 12, денсаулық сақтау саласында 6, мәдениет және



спорт саласында 25 нысан, халыққа қызмет көрсету саласы бойынша Неке сарайының құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, жыл аяғына дейін «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1294 пәтерді құрайтын 31 тұрғын үй халыққа табысталамақ. Жалпы, бөлінген қаражатты мақсатты әрі тиімді жұмсау және құрылыс нысандарының бекітілген жобаға сәйкес жүргізілуі қатаң бақылауда, – деді Мәди Раманқұлұлы.

Оның айтуынша, өткен 9 айдың қорытындысымен 519,8

мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Оның ішінде Қызылорда қаласы «СІМК-70» тұрғын ауданында 40 пәтерлі 2 кредиттік тұрғын үй де бар.

Құрылыс саласындағы ауқымды жұмыстар мұнымен біткен жоқ. Брифингте сала маманы жыл аяғына дейін 227,7 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілерін жүргізу жоспарланып отырғанын жеткізді. Оның ішінде электр, ауызсу, газ және жылу желісі бар.

ЖАҢА ЖОБАЛАР –

БАТЫЛ БАСТАМАЛАР НӘТИЖЕСІ



Бұған дәлелді алыстан іздемей-ақ, нақ бүгінгі күн тұрғысынан талдау жасап тарқатып көргенде өз өлкеміздегі көз сүйсінерлік оңды нәтижелер жалғасы көрместің де көңілін еріксіз аударатын секілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы әділетті Қазақстанды құру бағытында ел-жұрт аңсаған жақсылықты төбеден әкеліп, төге салуға болады деп ешкімге де уәде беріп отырған жоқ. Мұның барлығы өркеніет тәжірибесінде дәлелденгендей, әрбір қоғам мүшесінің енапат еңбеккерлігі мен өз ісіне болаттай берік адалдығын айналып өтпейтін бақ құсы тәрізді баптай білгенде ғана басымызға қонатынын ұғынатын уақыт жетті. Айлаға емес, ақылға бас иетін замана талабына тақ тұрып, табанды қызмет етуге талпынғанға ғана табыс еншілер ақиқат аксиомасының салтанат құруы талайдың жігерін жанып, жарқын идеяларына жол ашып отырғанын қоғамға тілеулес зейнеттегі аға ұрпақ та анық сезініп, әп-бәрекелді деп отырмыз.

Барақатты бағытымыздың бастауында Ел басшысының сенімін арқалап, серпінді жұмыс бастаған берекелі аймақтар қатарында Сыр өңірінің де өрісі кеңіп, өркеніет талабына сай өзіндік бет ажары айқындала түскенін айтсақ, артық бола қоймас.

Мемлекет басшысының онтүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында алдыңғы үш жылда қуаттылығы 1000 мегаваттан асатын электр станциясын салуды тапсыруы өлке экономикасының өрге озуына оң ықпал етеріне куәнұлымыз. Оның алғашқы қазығы біздің аймағымызда қағылып, қуаты 240 мегаваттық жаңа жылу-электр станциясының капсуласы салынды. Толық көлемде іске қосылып, 2025 жылға дейін тұрғындар игілігіне берілмек. Бұл – 60-шы жылдардан бері жанару көрмеген «Қызылордажылуэлектрорталығы» жұмысын түбегейлі жаңарталды деген сөз.

Елжанды тұлғалардың бірігіп, миллиардтаған теңге инвестиция құюы нәтижесінде біршама әлеуметтік нысандардың бой көтеруі, оның ішінде Неке сарайы, Өнер орталығының салынуы Қан орталығының өз алдына дербес бой көтере бастауы өңір дамуындағы жаңа бір кезеге бетбұрысты айғақтайды. 11,8 млрд теңгеге Қызылорда қаласы әуежайының жаңа терминалының тіктелуін аймақ архитектуралық ансамблін халықаралық деңгейде дәріптейтін дәрежелі жоба деп қабылдадық.

Сонғы кезде Сыр өңірінде инвестиция тарту көлемінің артуы нәтижесінде жаңа жылу-электр станциясын салуға қол жеткізу, жол құрылысының қарқын алуы, қала көрінісін келбеттенуі, сайып келгенде, макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы облысымызды алдыңғы қатарлы бестікке ендіре, мұны жігерлі де талапшыл басшы Нұрлыбек Машбекулының инициаторлық қарым-қабілетінің нәтижесі деп білеміз.

Еліміз бойынша серпін алған жаңа жобалар жарқын қиян шеттегі қараша ауылдың түңлігінен сығалап, тіршілігіне сәуле дарытып жатуын үкілі үміттердің үндесуіне жорып, жақсылық жолының ұзара береріне көңіл бекітіп отырғанымызды жасыра алмаймыз. Ортақ мүддеде ойласып, оң талапқа

ұмтылған қайбір істің осылайша сабақтасуы, түптеп келгенде туған жерді түлетіп, түтінін түзу ұшырумен бірге жоқты жонып, барды ұқсата білуде мықты ұстын боларына талай жыл ел тізгінінде тер төккен кәсіби тұлға ретінде толық куәлік бере аламын.

Ел тіршілігінің мазмұны, ең алдымен оны басқаруға байланысты. Осы орайда аймақ басшысының іс түйінін біліктілікпен болжап, алда тұрған асқаралы мақсаттарды баянды іске асыратын адал жандарды дұрыс таңдауының нәтижесінде жергілікті жерлерде де лайықты жаңғыруға батыл қадм жасалуда.

Халықта «Ауылын көр де азаматын таны» деген тәмсіл бар. Егде тартқан шағымызда ел ішін күнде бір аралап келеміз демесек те, сыйлас дос-жаран, ағайын-туыстың аухалын жықпай андамында шығып тұрамыз ғой. Сондай кездері бет-бейнесі көп әсемденіп үлгірген аудан территориясындағы көп біткен тірлікті көріп, бәрі де айналып келгенде сан тірліктің ұштығын сана биігіне шығарып, сапалы сабақтасуға ұластырған ұлағатты іс-қимыл нәтижесі екенін іштей мойындап қоямыз. Қарыс қадаммыз есептеулі қазынадан бөлінген қаржының қарқыны алабөтен артпағанымен адами пейілдің әлеуеті әлдеқайда шынайы кейпімен көңілге қонып отыр.

Тақтайдай түзу трасса жолымен Жаңақорғанға бұрылған тұстан бастап заманауи айналма жолдар, мүлдем

3,4 млрд теңге қаржының бүгінгі таңға 900 млн теңгесі игеріліп жатыр. Келесі жылы жоғарыдағы мақсаттарға елді мекендер үшін мемлекеттен 2 млрд 300 млн теңге қаржы бөлініп, ең қиын деген 9 елді мекеннің жарық мәселесі шешіледі және аудандық дәрежедегі жолдар биыл 100 пайыз асфальттанатын болады.

Кентте атқарылып жатқан жұмыстардың көбі демеушілікпен іске асуда. Аудан әкімінің ұсынысымен ірі кәсіпкер Марлен Ысқақов деген азаматтың 800 млн теңгеге дейін өз қалтасынан қаржы құюға келісім беріп, келелі іске кіріскеніне ел болып сүйініп отырмыз. Ауылдық елді мекендер бойынша алғаш қазық қадаған заманауи саябақ құрылысы санаулы уақытта пайдалануға берілмек. Аумағы екі гектар келетін арнайы демалыс орнында ашық сахна, түрлі аттракциондар салынған. Кәсіпкер субұрқақты іске қосып, алаң шетіне автотұрақ салуды қосымша міндетке алып отыр.

Ауданда бірнеше жылдан бері балалар ойын алаңқайы мәселесі өзекті болып келген еді, биыл аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес 10 жас-өспірімдер алаңқайы балдырғандар игілігіне берілмек.

Елдік мүддені еңсеруде жоғарының есігін қаймықпай қағу бір бөлек, ежелгі емен-жарқын достық-араластықты да алға тартып, міндет артып, ар жағында бардың жүрегін жаулап алу үшін де табиғи дәрмен, қажет жерінде талапты



басқа кейіпке енген айшықты қақпа ажары, түнелікті қыдырыстап көшеге шыға қалсаңыз әсем өрнектерімен бедерленіп, түрлі-түсті көз тартқан көше бойы тізілген оюланған шамдар кісі көңіліне шуақ сыйлайтындай. Жеке бизнес өкілдерінің демеушілігімен еңсе тіктеген құмсағат кент көркіні шырайландырып тұр.

Ауданда «көгілдір отын» мәселесі 2015 жылы шешімін тауып, кент түгелге жуық газдандырылды. Биыл ауылдарды газдандыру бойынша республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, екі елді мекен – Бірлік пен Қыраштың тұрғындары «көгілдір отынды» пайдаланатын болса, Құттықожа, Шалқия, Төменарық, Жайылма, Кейден ауылдарының халқына келер жылға дейін осы қолжетімділікке кепілдік беріліп отыр.

Жаңақорғанмызда жел соқса, жарық жалп етіп сөнетін үйреншікті жайттан құтылатын күн туған тәрізді. Жетпіс-сексенінші жылдардан келе жатқан трансформатор, ескі сым кабельдері ауыстырылып, осы бағытта бөлінген

пәрмен де керек-ау. Жаңарған Жаңақорғанмызда аз уақытта атқарылып біткен мынадай жарқын істердің нобайынан мен осындай нышанды байқап отырғанымыз шын пейіліммен айтқан болар едім.

Иә, «Бір адам жаққан отқа мың адам жылынады» демекші, шын пейіл-парасатымен елге болса екен деген ниетпен іс-басында жүрген азаматтардың мұраты жан-жақты қолдау тауып, жұдырықтай біріксе, бітпейтін тірлік жоқ екен. Тек осы бағытқа бұқараны тәуекелді бағыттай білер, ары да, қолы да таза азаматтарды дұрыс таңдай алған Мемлекет басшысының сенімін ақтай білуден асқан абырой бар ма? Міне, осындай азаматтарымыз бұдан әрі де осы бетінен таймай, мақсатына мығым болса, оған тіреу болуға ел-жұрты да қашанда әзір.

Зинабдин ШЕРМУХАМЕДУЛЫ,
ардагер ұстаз,
ауданның «Құрметті азаматы»,
облыстың «Құрметті ардагері»

– Талғат Тұрсынұлы, тағы бір жылдың еңбек маусымы мәресіне жетті. Биылғы нәтиже қандай?

– Қашанда ауыл шаруашылығы саласы қолдаусыз қалған емес. Сол игілікті істер биыл да жалғасты. Осының нәтижесінде жедел нәтижеге қол жеткіздік. Атап айтқанда, биылғы жылдың 9 айында 127,5 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Өсім көрсеткіші 3,2 пайызға артып отыр.

Рас, кейінгі жылдарда өңірде су тапшылығы мәселесі алаңдатып

лыстан құны 32,2 млн долларды құрайтын 60 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортқа шығарылды. Олардың қатарында күріш және балық өнімдері, қамыс бар. Шетелге 54,8 мың тонна күріш экспортталды. Ал, Ресей, Әзербайжан, Польша, Грузия, Венгрия, Литва, Германия, Чехия, Нидерланды және Австрияға 2051,5 тонна балық өнімдері жөнелтілді. Сондай-ақ, Германия, Дания және Нидерландыға – 921,7 тонна қамыс, Ресейге 120 тонна қызанақ экспортталды.

ДИҚАН ЕҢБЕГІ ДӘРІПТЕЛЕТІН ШАҚ



– Дақылды өсіруден өңдеуге көшудің үлкен пайдасы бар. Бұл тұрғыда шетелдік инвесторлар қызығушылық танытқанын естідік.

– Өздеріңіз білетіндей, түрік компанияларымен бірлескен жобалар аясы кеңеюде. «КОС Holding» және отандық «Orbis Kazakhstan» компанияларының басшысы осында арнайы келді. Компания өкілдері Жаңақорған ауданында қызанақ пастасын шығаратын зауыт салуға ниет білдірді.

Осылайша биыл Жаңақорған ауданында қызанақ егуге 30 гектар жер телімі белгіленді. Жобаның құны – 13,5 млрд теңге. Өндіріс іске қосылғаннан кейін, жылына 24 мың тонна томат пастасын дайындауға мүмкіндігі бар. Жобаны қос компания тең көлемде қаржыландырады. Онда 154 жұмыс орны ашылмақ. Өндірісті толық жүзеге асыру 2025 жылға дейін жоспарлануда.

Биыл «Қызылорда Агроплюс» серіктестігі 10 гектарға қызанақтың американдық 3 сортаын тамшылатып суару әдісін қолдану арқылы екті. Ол алдағы жылы 500 гектарға дейін көбеймек. Ал 2025 жылға дейін серіктестік аталған мақсатта 3000 гектар жерді айналымға қосуды жоспарлап отыр.

– Биыл минералдық тыңайтқыш, арзандатылған дизель отыны, арашоңтерге қарсы гербицидпен қамтамасыз етудің жайы қалай болды? Мұның бәрі өнімнің сапасы мен өнімділігіне себепші дегеніміз ғой...

– Дұрыс айтасыз, Егіннің сан-мың қиындығы бар. Десе де диқан-мамандар дақылдарды күтіп-баптау жұмыстарын агроэкономикалық талаптарға сай өз мерзімінде жүргізді. Егілген 78,6 мың гектар күріш егісінің ба-сым бөлігі арашоңтерге қарсы гербицидтермен толық өңделіп, 65 мың гектары тыңайтқыштармен толық үстеп қоректендірілді.

Айта кету қажет, биылғы жылы тыңайтқыштар мен гербицидтердің бағасы едәуір қымбаттаған болатын. Бұл өз кезегінде кейбір ауыл шаруашылығы құрылымдарына қажетті көлемдегі тыңайтқыштар мен гербицидтерді сатып алу мүмкіндігі болмауынан егіннің өнімділігіне кері әсерін тигізіп отыр.

Сондай-ақ, күзгі егін жинау және дала жұмыстарына ауыл шаруашылығы техникалары толығымен жөндеуден өткізілді. Осылайша 1786 трактор, 847 комбайн, 472 жатқа, 353 жүк көлігі және 831 трактор тіркемесі жаунаға қатысты. Облыста күзгі егін жинау және дала жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы құрылымдары 12,7 мың тонна арзандатылған дизель отыны 210 теңгеден таратылып берілді. Бүгінгі күні күздік және жаздық бидай, тары, арпа, дәндік жүгері, күнбағыс, картоп, көкөніс және бақша өнімдерін жинау аяқталуға жақын.

Облыс бойынша мал басында өсім бар. Биылғы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша облыста 411 мың мүйізді ірі қара, 848 мың қой мен ешкі, 205 мың жылқы, 61,6 мың түйе және 123,9 мың бас құс санаққа енген.

Төрт түлік басы көбейіп отыр. Нәтижесінде ет, сүт, жұмыртқа өндіруде өсім бар.

Міне, осындай еңбек көрігімен еңбекші қауым дәстүрлі «Алтын дән» мерекесіне де жетті. Жылдағы үрдіспен жәрменке өтеді. Бұл – қала халқы үшін үлкен мүмкіндік әрі нарық тұрақтылығын сақтау қамы. «2022 жылы озаттар көшін кімдер бастайды екен?» дегендей көп көңілде сауал бар. Ал оның нәтижесін дәстүрлі тойдың шешуші салтанатты іс-шараларында білетін боласыздар.

– Уақыт бөлгеніңізге рақмет. Ел несібесі мол болғай.

Сұхбаттасқан
Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫМЕН ҚАДІРЛІ ЕДІ

Асылы, адам баласы кешкен ғұмырымен емес, сол азды-көпті ғұмырында халқына еткен адал қызметімен есте қалады. Адамгершілік бітім-болмысымен, кісілік келбетімен көп ішінде дара тұрады. Ал өмірлік өнегесі ұрпаққа ұласады. Асыл азамат, ақыл-парасат иесі, ҚР еңбегі сіңген дәрігер, «Құрмет» орденінің иегері Егенберді Әмитовтің еліміздің медицина саласындағы орны ерекше. Ол туралы айтылар естелік те аз емес.



аралығында Жанакорған аудандық ауруханасына басшылық жасап, бұл қызметін де абыроймен атқарды.

Адам өмірі үшін әрбір сәтте жауапкершілік арқалайтын дәрігер мамандығы – екінің бірі еншілей алмайтын аса жауапты міндет. Айталық, бұл салада қызмет ететін маманға, ең алдымен, адамгершілік, ар тазалығы, әсіресе, жүрек жылуы қажет. Сонда ғана елдің алғысын алып, ықыласына бөленесің. Бүгінгі естелігімізге арқау болып отырған Еген досым, Егенберді Әмитовтің бойында осы аталған қасиеттің бәрі бар болатын. Азаматтың басына қонған бақ, бойына тұнған абырой, ісіне дарыған береке оның кісілік келбетін айқындап, болмысын биіктеуге түскен еді. Әйтсе де тумысынан бойына біткен қарапайымдылығы соның бәрінен биік тұратын. Қазақ «Топырағына қарай дән өседі, тегіне қарай жан өседі» деген сөз бар. Сірә, қадр-қасиеті тегіне қарай берілген болар, ол қай қызметті атқарса да жан тазалығынан бір таңбады.

1985 жылы ол аудандық партия комитетінің ұсынысымен, Бүкілодақтық «Жанакорған» санаториясы мекемесіне бас дәрігерлікке тағайындалды. Атағы алысқа жеткен шипа-

жайға ел аумағынан бөлек, алыс-жақын шетелден де емделушілер толассыз келіп жата-тын. Бұл орайда бас дәрігер ретінде емдік шараларға өзіндік жаңалықтарын енгізіп, іргелі орталықтың бет-бейнесін қалыптастыруға зор үлесін қосты. Бір ауданның немесе облыстың ғана емес, бүкіл еліміз бойынша денсаулық сақтау саласының қызметін жақсартуға, оның ішінде санаториялық ем жасауда, саладағы өзекті мәселелерді шешуде аянбай күш-жігерін жұмсады. Осы мекемеде он жылдан аса қызмет атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты. Білікті дәрігерге қашан да сұраныс жоғары, сол себепті, дәрігер-терапевт ретінде қызметін жалғастырды.

Еген өзінің еңбекқорлығымен талай шырларды бағындырып, адами қасиеттерімен абыройлы азамат болды. Өмірдің мазмұны тұрмысында да, қызметінде де, ең қызығы адаммен, айналасымен араласып, сыйласа білуден тұрса. Еген бұл орайда үлгі-өнеге көрсетті. Ол өзгені сыйлады, өзін де сыйлата білді. Жерлестерінің айрықша құрмет тұтып, сыйлайтындығы сол қасиетінің айғағы болар.

«Досының кім екенін айт, сосын мен сенің кім екенінді айтайын» деген сөз ойға оралғанда, мен Еген секілді досым

болғанына қуанамын. Шынында, көңілді мақтанаш кернейді. Үзетгі қағыстырып қатар жүргенде байқағаным, ол өзін көтермелеу үшін өзгелер жайлы ғайбат әңгіме айтқан емес. Бейберекет сөз сөйлемейтін, көзге түсуге тырыспайтын, әрдайым бетегеден биік, жусаннан аласа қалпын ұстайтын. Сонымен бірге, орынді езілімен ойлаңдырып қою да оның мінезінің бір қыры еді.

Оның өзіндік ұстанымы бар, сергек көңілімен сенімді сөйлейтін, көкірегі ояу, сезімі мол болатын. Осындай шынайы болмысымен елдің сеніміне ие болған азаматтың бірегейі. Табиғатынан тақпапарлық жоқ, адал еңбекті, достықты, адамгершілікті ту еткен. Осының барлығын өмір жолында өз ісімен көрсеткен еді. Иә, бір сөзбен айтқанда, Алла берген қасиет – азаматтық, парасаттылық, кішіпейілділік Егенді биік сатыға көтергеніне біз қуә болдық.

Жоғарыда айтып өттік, қандай қызмет сатысында жүрсе де, ол әрдайым халықтың сенімі мен қолдауын иеленді. Жанакорған аудандық кеңесінің бірнеше шақырылым депутаты болып сайлануы, аудандық пар-

тия комитетінің пленум мүшесі болуы да елдің арқан сенімі еді.

1978 жылы Алматы қаласында өткен «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы» конференциясының делегаты. Осындай қоғамдық маңызы бар жиындардан өз ісіне қажетті тәжірибе алуға, оны жүзеге асыруға ынталы болатын. Мысалы, мамандығын шыңдау мақсатында Мәскеу, Қазан, Ташкент, Новосібір, Фрунзе қалаларында біліктілігін жетілдіріп, жиған тәжірибесін туған жерінің медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға, сол арқылы халық сауықтыруға жұмсады.

Денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушы-дәрігері ретінде Е.Әмитовтің есімі Жаңакорған ауданы тарихында, оның ішінде медицина саласында үлкен әріппен жазылып қалды. Азаматтың еткен еңбегі, төккен тері лайықты бағаланды. КСРО «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісін, «Құрмет белгісі» орденін, «В.И.Лениннің 100 жылдығы»

медалін, «Еңбек ардагері» төсбелгісін иеленді. Сондай-ақ, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар өз алдына бір төбе. Еліміздің денсаулық сақтау саласының майталманы атанып, қалың елдің құрметіне бөленген абыл азаматтың өмірі өнеге, болмысы үлгі десек, артық айтқандық емес.

Өмірінің соңғы сәттерін өзінің құтты шаңырағында, аяулы жарының, аялап өсірген перзенттерінің жанында өткерді. Көңілін сұрай барғанымызда, еліне, халқына, жақын-жуық ағайынға разылығын білдірді.

Еген досымды өмірден өткенде Сырдың абыз ақсакалы Сейітбек Шаухановтың айтқан мына бір жұбату сөзі жадымызда қалып қойды:

«Қуанбай қайтыс болғанда, «Қуан өлді, қағбаның қақпасындай, Қуан өлді, құранның тақтасындай. Қуан өлді, алдынан жарыққасын, Алтын қалды, артында ат басындай» деп Абайға алып келген ғой. Сондай-ақ, Егенбердінің де артында әке жолын абыроймен жалғайтын ұрпағы қалды» деген болатын Сәкен.

Иә, бүгінде әке жолын қуған Нұриддин Әмитов – облыстық денсаулық сақтау саласының ірі мекемесі – «Көпбейінді облыстық аурухананың» бас дәрігері, облыстық мәслихат депутаты. Оның бойынан да әкеден дарыған ізгі қасиеттерді көруге болады. Ізінен ерген бауырлары да қоғамның белді салаларында белсенді қызмет атқарып келеді.

Сөзімді қорыта келе, бар саналы ғұмырын халқына қалтқысыз қызмет етуге арнаған асыл азамат, туған жерінің тұңғалы перзенті Егенберді Әмитовтің есімі ел-жұртының жадында ұзақ сақталатынына шүбәмсіз жоқ.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қызылорда облысының
Құрметті азаматы,
Қазақ ССР-не
енбегі сіңген дәрігер

Ерлік ескерілмегенмен, ескірмейді



Жеңіс маршалы атанған Г.Жуков «Ерлік ескірмейді, бірақ кейде ескерілмей қалуы мүмкін» деген екен. Кезінде ішкі істер органдарында қызмет ететін соғысқа қатысқан милиционер-майдагерлер тобы бір қауым ел еді. Сол жауынгер ағаларымыздың отты жылдардағы ерлікке толы өнегелі өмірі түгілі, олардың есімдері де ұмытыла бастаған.



Елімізде жыл сайын 23 маусымда Қазақстан полициясы күні қызметкерлер мен ардагерлердің ел тыныштығы жолындағы еңбегі ескеріліп, оларға ризашылық пен алғыс білдіру күні есебінде аталып жүр. Қызмет бабында жүріп қаза тапқандар мен ардагерлерді еске алу бүгінде дәстүрге айналған. Осындай игі іс-шаралар облыстық ПД-да және ПО мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесінің Қызылорда облыстық филиалында жиі ұйымдастырылып тұрады. Десе де 1984 жылы өмірден өткен ҰОС пен ПО-ның ардагері, майдангер милиционер, милиция старшинасы Бердібай Оразбаев есімі аталмайды. Облыстық ПД-ның ерлік даңқы музейінде де ол жайлы мардымды мәлімет жоқ. Кейінгі жылдары ҚР ІІМ-нің қолдауымен ҰОС пен ПО-ның ардагерлеріне арнап «Жарқын тұлғалар – Светлые личности», «Женіс жолымен – Дорогами Победы» деген көлемді екі кітап және 2005 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында облыстық ПД ҰОС және полиция ардагерлеріне арнап «Зерде» кітабын шығарды. Бұл жинақтарда да кезінде Отанға еселі еңбек сіңірген аңыз старшина есімі аталмаған.

«Ештен кеш жақсы» дейді халық нақылы. Осы қазан айының 15 күні облыстық ПД-ның «Динамо» спорт кешенінде ішкі істер органдарының ардагерлері арасында, ПД ардагерлер кеңесінің қолдауымен Б.Оразбаевтың ұрпақтары мен туған-туыстары шағын футболдан оны еске алу турнирін өткізбекші. Алдағы уақытта оның ардақты есімі тиісті дәрежеде ұлықталады деген ойдамыз.

Бердібай Оразбаев ақсақал КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін», КСРО ІІМ-нің І, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Кенес милициясына – 50 жыл» медалдарымен және «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Оның ІІМ мен партия-кеңес орындарынан алған Құрмет Грамотасы мен Алғыстары бар. Партия-кеңес орындары демекші, милиция старшинасының үлгілі қызметін ескерген сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы И.Әбдікәрімов оған ГАЗ-69 жөніл автокөлігін сыйлаған бюро қаулысын қабылдатады. Бұл үлкен сыйлық, зор құрмет еді.

Майдангер милиционер, Б.Оразбаевтың есімі бүгінде ұмытыла бастаған. Жоғарыда маршал Г.Жуковтың сөзін еске алуым бекер емес. Бұл сөз ардагердің өмірден өткеннен кейінгі тағдырына байланысты айтылғандай.

Облыстық ішкі істер басқармасы қызметкерлерінің арасында ғана емес, облыс жұртшылығына белгілі болған Ұлы Отан соғысы мен Ішкі істер органдарының ардагері, милиционер-майдагер, гвардия және милиция старшинасы марқұм Бердібай Оразбаев 1910 жылы Қармақшы ауданының аумағында өмірге келген. «Қарсақпай» мыс қорыту зауыты құрылысының Жосалыдағы базасында күзетші болып еңбек еткен. 1936 жылы Қармақшы аудандық НКВД бөліміне қатардағы милиционер болып қабылданған. Ал, 1941 жылы соғыс басталғанда Қызыл Армия қатарына алынған.

Гвардия старшинасы Бердібай Оразбаевтың ерлікке толы жауынгерлік жорық жолы Сталинград қаласының қорғанысындағы Қызыл Тулы 59-армияның 178-атқыштар дивизиясы 332-артиллериялық полкінде бастаған. Харьков қаласы үшін шайқастар және Украинаны жаудан азат ету мен Днепр өзенінен өту, Румыния, Венгрия, Австрия, Чехославкия мемлекеттерін жаудан азат ету шайқастарына жалғасқан. Гвардия старшинасы майдандағы ерлік еңбегі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен екі бірдей «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Ерлігі үшін» және бірнеше қаланы азат еткені үшін медальдармен марапатталған.

Майданда үш рет жараланып, 1946 жылы елге оралған. Солдат шинелін милиция формасына айырбастан, ішкі істер органдарындағы қызметін жалғастырған. Осы жерде ерекше айта кететін жағдай, ол 1982 жылға дейін, яғни жетпіс екі жасына дейін майданда болған


жылдарын қосқанда үздіксіз 46 жыл қызмет еткен.

Ол облыстық ішкі істер басқармасы қоғамдық тәртіпті сақтау бөліміне қарасты партия-кеңес орындарының ғимаратын күзететін ведомстволық күзет взводында бөлімше командирі лауазымында болды. Өзінің үлгісімен қарамағындағыларға ғана емес, жастарға да ақылышы аға еді.

1980 жылы әскерден келген соң ішкі істер органдарына қызметке орналасуға Бердібай ағаймен ақылдасуға келдім. Ол әкемінің нағашысы, яғни менің түп нағашым еді. Қарт милиционер бұл шешімді «Өзің әскерден партия қатарына өтуге кандидат болып келіпсің, бұның өте жақсы, милицияға жас коммунистер өте қажет» деп қуана қолдады. Содан барлық құжаттарымыз және медициналық анықтаманың ішкі істер басқармасының кадр бөліміне өткізіп, ағаның үйіне бас сұқсам, ауылдан әкем келіп отыр екен. Әңгіме мен Днепр өзенінен өту, Румыния, Венгрия, Австрия, Чехославкия мемлекеттерін жаудан азат ету шайқастарына жалғасқан. Гвардия старшинасы майдандағы ерлік еңбегі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен екі бірдей «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Ерлігі үшін» және бірнеше қаланы азат еткені үшін медальдармен марапатталған.

Майданда үш рет жараланып, 1946 жылы елге оралған. Солдат шинелін милиция формасына айырбастан, ішкі істер органдарындағы қызметін жалғастырған. Осы жерде ерекше айта кететін жағдай, ол 1982 жылға дейін, яғни жетпіс екі жасына дейін майданда болған

Ардақты ардагер өмірден озды



Сыр елінің мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ардақты ардагері Жұмабай Елқеес өмірден озды.

Жұмабай Елқеес 1950 жылдың 28 сәуірінде Қызылорда облысы, Сырдария ауданында дүниеге келген. 1977 жылы Ленинград Жоғары кәсіподақ және мәдениет мектебін бітіріп, Қызылорда облыстық кәсіподақ комитеті жанындағы көркемөнерпаздар үйінде алғашқы еңбек жолын бастап, 20 жыл «Мелиораторлар» сарайының директоры, 1998 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Студенттер сарайының» директоры қызметін ат-

қарып, 2021 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Ардагер ұстаз университеттің материалдық-техникалық базасын қалыптасуына, жастар мен студенттердің кәсіби маман ретінде және рухани жағынан дамып-өсуіне ерекше мән беріп, білгенін үйретуден жалықпады. Білім саласындағы еңбегі ескерусіз қалмай, ҚР Мәдениет қайраткері құрмет белгісімен, «Қорқыт Ата атындағы Алтын медальмен», Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің «Он бірінші бесжылдықтың екпіндісі», «Он екінші бесжылдықтың екпіндісі», «Мәдени-ағарту саласы кәсіподақтарындағы үздік жұмысы үшін» төсбелгілерімен, ҚР Білім және ғылым министрінің, облыс әкімінің, Қазақстан кәсіподағы кеңесі, облыстық кәсіподақ және комсомол комитеттерінің Құрмет грамоталарымен, университеттің Алғыс хатымен марапатталған.

Жастарға эстетикалық тәрбие беру көкжиегінде өзіндік орны қалыптасқан ардақты ұстаздың бейнесі жадымызда мәңгі сақталды.

Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ұжымы

Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына!

14.10.2022 жылы – Жаңадария, Аққұм, Ақсу, Бұқарбай батыр, Еңбек, Шәменов, Қаракеткен, Тан, Жаңаталап, Аққыр, Макпалкөл, Мәдениет, Аламесек (Ақарық), Мырзабай ахун елді мекендерінің және Жалағаш кентінің ауызсу жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсуды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72431) 31-5-45.

«Арал» СЖБД филиалының «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.
(БСН 191041027733 24.10.2019 ж.)

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қайрбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2022 жылдың 10 сәуірінде қайтыс болған азамат Қалжанов Мәжит Сарсенбайұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекенжайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарамсыз деп есептелсін

“Iop Aqua шипажайы” ЖШС-ның (БСН 180540034324) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

«ТУҒАН ЖЕР – ТҰҒЫРЫМ» БАЙҚАУЫНА



Облыстық «Сыр бойы» газеті басылымның байырғы редакторы Қалқабай Әбеновтің туғанына 100 жыл толуына орай баспа және электронды БАҚ өкілдері, сондай-ақ тәуелсіз қаламгерлер арасында «Туған жер – тұғырым» атты байқау жариялаған болатын. Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылып отырған облыстық байқауды үйлестірушілер – «Сыр медиа» ЖШС, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы және Қ.Әбенов атындағы «Сыр журналистикасы» қоғамдық қоры.

Бүгін «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадинованың «Самаурынның түтіні» атты шығармасын жариялап отырмыз. Еске сала кетейік, байқау материалдары 20 қазанға дейін қабылданады.

Шілденің шығып тұрған күні. Топыраққа аяғың тисе, күлдіретіп түсіреді. Ал бетімнің қалай қараятынын айтпай-ақ қояйын?! Тал түсте аулада адам баласы болмаған соң, ойыма ораған эксперименттерді жасап көре бастаймын. Алдымен жиде талдың басына шығып, көкшіл дәнекердің дәмін көремін. Одан түскен сон құмырсқаның иеле-

еппен батырып, от тигізу керек. Бастапқыда солярканың күшімен жанған шок бірте-бірте басылып, соңында бықсы бастайды. Өзің ыстық күні шай қойып, жанталасып жатқанда, анам ұйқыдан тұрып кетпей ме деген ойдың мазалайтыны жаман. Құдай қинағандай ақ терге малынып, үстіңе әбден күннің иісі сіңіп, сөнген шоқты жаға алмай жатқанда үй жақтан келе жатады.

– Не істеп жүрсің тал түсте? Мен саған ұйықта деген жоқпын ба?

– Бес болып қалған соң шай қоя берейін деген...

Әрі қарай ұрыс естисің болмаса айқайға қалмайын деп қашқан орнына барып ұйықтап қаласың. Кешке анам тағы самаурынға шай қояды. Аспанға будақтаған көк түтіннің астына барып отырып аламын да әпкемді шақырамын. Ол маған қарағанда ақылды ғой, келмейді.

– Үстіңе ыстың иісі сіңеді. Әрірек барып, ойна, – дейді анам. Мен сонда да кетпеймін. Түтіннің иісін жұпардай көріп, ағаш жаңқаларымен ойнап, отыра беремін...

Келін болып самаурынға шай қайнатқанда бала күнімдегі осы сюжет көз алдыма келе берді. Анамның мені «басына күн өтіп кетеді», «самаурынға күйіп қаласың» деп уайымдайтын енді ғана түсінетін сияқтымын. Дәл қазір-ақ қаладан ауылға тайып тұрып, анамның құшағына сүңгіп-ақ кеткім келеді. Мына самаурынның түтіні анамды, ауылымды еске салған сағыныш тәрізді неткен қышқыл еді ә?! Қолқаммен бірге жанымды да удай ашытып барады...

Гүлдана
ЖУМАДИНОВА,
журналист



бәрі ұйқыға кететін түскі мезгілді, сосын түнгі уақытты бала көңіліммен жек көретінім. «Осы ұйқыны кім шығарған?», «түн болмай-ақ қойса екен» деп қайталай бергенімді естисе, үй тірлігінен сілесі қатып, шаршап жүретін анам сол «періште тілегім» үшін жынымды қағып алатын. Рас айтсам, ұйқы деген сөзді естисем аза бойым қаза болатын. Оны анам елемейді, түскі астан соң суық суға шайындырып, әпкем екеумізді қасына алып жатады. Көзімді ашып-жұмып, сыртқа қарай қашудың жөнін іздеймін. Әрі ойла-нып, бері ойлап жатамын

да еңбектеген күйі есікке беттеймін. Аяқтың ұшымен жүрсем, сықырлауық еденге жан бітетін сияқты. Анам да менің сырымды жақсы біледі, есік іштен құлыптаулы. Қолымды сәл тигізсем, дауысы құлағымға жеткелі тұр. Менің бейберекет әрекетімді байқап қалып, көзін ашпастан таңдайын тық еткізеді. Орнына жат деген белгі. Аяғымды өкіне басып, әпкемнің жанына жайғасамын. Үйдегі ата-ененің бабынан бөлек, қонақ жайғарумен-ақ бар қуаты біте жастыққа бас қоятын анам әбден ұйқыға кеткенде зып беріп далаға түрамын.

үінде қанша бөлме бар деп ұяларын қаза бастаймын. Байғұс жәндікті өлтіріп алсам, жерді таспен қазып, жерлеп қоятын жақсы әдетім де бар-тұғын. Есік алдында өскен меңдуана болмаса адыраспанның гүлін топырақ үстіне қоюды да ұмытпайтымын.

Сосын... Сосын сарай алдындағы самаурынға көзім түсерді... Анам бестің шайына деп самаурынға су құйып, жанқасымен бірге дайындап қоятын. Ендігі кезекте оны қайнату ғана қалған. Ол үшін бөтелкенің кесілген бөлігіне құйылған солярқаға ағаш жаңқасын

Тәж кию күні белгіленді

Жаңа британ королі таққа анасы қайтыс болғаннан кейін отырған. Бірақ аза тұту мерзімі аяқталғаннан кейін ғана тәж кию алады.

Қазіргі уақытта британдық корольдік монета сарайы III Карл корольдің портреті мен оның монограммасы бар монеталар шығарады. Дегенмен, Букингем сарайының хабарлауынша, тәж кию рәсімі келесі жылдың 6 мамырында Вестминстер абабтығында өтеді.

Бұрын болмаған салық

Жаңа Зеландияда елдегі атмосфераға бөлінетін парникті газдың дәлірегі, метан газының негізгі көздерінің біріне айналған ірі кара мен қойдың «кекіруіне» (бөртпе-бөгуіне) салық салынады. Мұндай салық түрі әлемде бұрын болмаған.

Жалпы 5 миллион халқы бар елде 10 миллионға жуық етті-сүтті ірі кара, 26 миллион қой бар. Әр жануар күн сайын ауаға 400-500 литр метанды кекіру және газдармен бірге шығарады.

Адамзатқа қарсы қылмыс

Парижде Либериялық көтерілісшілердің бұрынғы қолбасшысы Кунти Камаара адамзатқа қарсы қылмыс жасалды деген айып тағылып жатыр. Қазір 47 жастағы К.Камаара «1990 жылдардың басындағы азаматтық соғыс кезінде Либериядағы Лофа округінің бейбіт тұрғындарына қарсы жаппай және жүйелі азаптаулар мен адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге қатысы бар» деп айыпталған.

Франциядағы сот отырысы төрт аптаға созылады. Камаараның кінәсі дәлелденсе, өмір бойына бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Австриялықтардың табысы төмендеген

Федералдық статистика басқармасы жүргізген зерттеу өткен жылы Австрия азаматтарының үштен бірінен астамының табысы азайғанын анықтаған. Табыстың жоғалуының негізгі себебі – инфляцияның жоғары деңгейі.

Сауалнамаға қатысқан австриялықтар алдағы 12 айда да кірісі төмендейді деп күтетінін айтқан. Сондай-ақ, халық жиі, көлік, саяхаттау сияқты ірі шығындарын қысқартқан.

Дайындаған
Биболат СӘТЖАН
«Сыр бойы»

Нан бағасы неге қымбаттады?

Бір жақын сіңім:

– Тәге, сенесіз бе? Бір күнде 12 нан аламын. Кешке қарай сол таусылып қалады. Алты бала, оған қоса ата-енем, өзіміз бармыз. Қазіргі нандардың арасын үрлеп қоя ма, іші қуыс. Біз сияқты үлкен отбасына ол тұқ емес, – дегені есіме түсіп кетті.

– Рас, қазір дүкен сөрелерінде нанның түр-түрін табуға болады. Ашытқымен, ашытқысыз, қара нан, тәтті тоқаштар, әр көше бойында пісіретін тандыр. Бірақ бағасына байланысты олардың да сапасы түрліше. Асылық айтудан қорқасын, алайда іші қуыс, бір жегенде үгітіліп түсе беретін, ашы ашытқының дәмі шығып тұратын нан көп. Тез көтерілу үшін мольнан қосатын шығар, бірақ тұтынушы оны ақшаға алып отыр емес пе?! Қазір байқасыңыз, пысық келіншектер үйден нан жабады. Қолдан пісірген соң, дәмді әрі сіңімді ас, әрі береке.

Қаланың «Шанхай» бөлігінде орналасқан «Өркен» ДК иесі Ақмарал Әлібаеваның наубайхана ашқанына үш жыл болған. Бүгінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ арқылы келісім-шартқа отырып, әлеуметтік дүкендерге күніне 500 нан пісіріп өткізеді. Одан бөлек жеке дүкендерге 75 теңгеден нан апарды. Ал оның сату бағасы – 80 теңге.

– Егер бұл ұнды сырттан алдыратын болсақ, қымбатқа түседі. Қазір корпорациямен келісім-шартқа отырып, арзан бағамен алынған соң бізге тиімді болып отыр. Өзге наубайханалар жоғары сортты ұнмен араластырып, пісіреді екен. Мен тек сол «Рояль» бірінші сұрыпты ұнның өзін пайдаланамын. Сапасы жақсы, күнде пісірген нанымыз тез өтіп кетеді. Менің пешім «көгілдір отынға» қосылғандықтан, әзірге электр энергиясына тәуелділік жоқ. Шынын айтқанда, әр наннан тын ғана қалады. Неғұрлым көбірек пісірсек, соғұрлым оның үстінен түсетіні де көп болады. Көмекші үш адам бар. Оларға еңбекақы төлеймін. Тапқанымыздың бәрі

Т-бет

еңбекпен, маңдай термен келіп жатыр, – дейді наубайхана иесі.

Қазір нан бағасы әр өңірде әртүрлі. Көлеміне, дәміне қарай бағасы да бөлек. «EnergyProm» компаниясының зерттеуіне, нан өндірісінің төрттен біріне жуық бөлігі – 81,7 мың тоннасы Түркістан облысына тиесілі болған. Одан кейін Алматы қаласы (36,6 мың тонна) және Ақтөбе облысы (33,8 мың тонна) тұр. Ең төменгі көрсеткіш Ұлытау мен Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Шымкентте тіркеліпті. Жалпы, елімізде бір жылда нан өндірісінің көлемі 3 пайызға төмендеген.

«Нан бағасы бір жылда 19,4 пайызға өсті. Қара бидай нанының бағасы 24,7, жоғарғы сортты ұннан жасалған бидай наны 28,2, бірінші сортты ұннан жасалған бидай нанының бағасы 14,4, кесілген нанның бағасы 28,1%-ға өсті», – дейді сарапшылар.

Нан бағасы әсіресе Ұлытау облысында бірден 48,3%-ға өскен. Одан кейін Ақмола облысында 27,6 және Алматыда 25,8%-ға көтерілген. Өнім бағасы Солтүстік Қазақстанда ең аз – 2,6%-ға ғана қымбаттаған. Жоғары сортты ұннан жасалған бидай нанын қазақстандықтар 341 теңгеге, бірінші сортты ұннан жасалғанын 195 теңгеден сатып алған.

Біздің өңірде нан бағасы әлеуметтік дүкендерде сол баяғыша – 55 теңгені ұстап тұр. Дүкендерді аралағанымызда түске жақын әлі нан келмеген екен. Тұтынушылар нан, жұмыртқа, күнбағыс майды сұрап жатты. Олардың бірі де болмаған соң дүкеншіге қайтып айналып соғатынын айтты. «Ниверсам» аумағына орналасқан әлеуметтік дүкен сатушысынан ұнның келмегеніне біршама уақыт болғанын естідік.

– Тұрақты келушілер ұнды келіп алады. Бізде баға арзан. Бір келісі – 135 теңге. Қазір ондай бағаға еш жерден ұн ала алмайсыз. Сапасы да бұрынғыдай емес, жақсы.

– Дүкен сөрелеріңіз бос сияқты ғой. Қай өнімдер келмей жатыр? – Тапсырысты жеткізіп беру-



шілер кешіктіріп әкеледі. Мәселен, тұз бен ұнның келмегеніне біраз болды. Қазір адамдар жұмыртқа, күнбағыс майын, сұрап жатыр. Бірақ тапсырысты әкелетіндер қазір келеді. Жаңа тауарлармен толықтырамыз, – делі сатушы Сәуле апа.

Биыл Қазақстанда 342,4 мың тонна нан өндірілді. Баға өсімі 19,4%-ды құраған. Біршама дүкендердегі нан бағасын бағамдалық. Бірінде 80, ендігінде 85, тіпті 105 теңгеден сәуалдап жатқандар бар. Жеке дүкен иелері

болғандықтан, олар сөйлесуден бас тартты.

Жасыратыны жоқ, наубайханалар да шықпа жаным, шықпамен күн көруде. Электр энергиясының қымбаттауы да – олардың жұмысына келтіретін кедергілердің негізгісі. Нан бағасының күрт қымбаттауын ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев былайша түсіндірді.

– Нанға қатысты ахуал мынадай. Қазан айынан бастап нан 11,9 пайызға қымбаттады. Ауыл шаруашылығы министрлігі

мен Азық-түлік келісімшарт корпорациясы қантардан қыркүйекке дейін арзандатылған астық, тоннасы 90 мың теңгеден жеткізді. Қазаннан бастап жылдың соңына дейін өңірлер жана астықты өздері сатып алуға. Электр энергиясы, коммуналдық қызметтер қымбаттап жатыр. Сондықтан да жалпы баға өсімі бар. Оны байқап отырмыз. Қантардан бастап бағаны тұрақтандыру үшін барлық іс-шараны қабылдаймыз. Жалпы, бағаның күрт көтерілуіне негіз жоқ. Өйткені, үн өткен жылмен салыстырғанда мольнан өндірілуде. Тұрақтандыру қорына биыл миллион тонна астық жинауды жоспарлап отырмыз. Оның 900 мың тоннасы бидай, – делі ол БАҚ өкілдеріне берген брифингте.

Сонымен қатар министр әлеуметтік азық-түліктің барлығының, оның ішінде ұнның бағасы бақылауда болатынын баса айтты. Біз де осыған орай қордағы азық-түліктің қанша мөлшері қалғанын «Байқоңыр» ӘКК» АҚ Тұрақтандыру қорының жұмысы жөніндегі басқарма басшысы Талғат Бекішевтен сұраған едік.

– Жыл басынан бері тұрақтандыру қорына 500 тонна өсімдік майын, 272 тонна қарақұмық жармасын, 680 тонна кант, 450 тонна картоп, 85 тонна сәбіз және 150 тонна қырыққабат, 8656,2 тонна I-сортты ұн, 15 тонна сүт сатып алынды. Жыл аяғына дейін 100 тонна сәбіз, 300 тонна піши, 200 тонна күріш, 45 тонна рожи, 204 тонна кант сатып алу жоспарланады. Қазір қоймада жалпы құны 359,5 млн теңгенің 11060 тонна өнімі бар. Онда 136 тонна бірінші сортты ұн, 1 тонна күріш, 77,7 тонна қарақұмық жармасы, 294,5 тонна өсімдік майы, 153,4 тонна кант, 443,3 тонна картоп болса, жеткізушіле 3041,3 тонна бірінші сортты ұн, 4 тонна кант, 75 тонна қырыққабат, 13,8 тонна сүт қоры бар. Нан бағасын тұрақтандыру үшін Қызылорда қаласы бойынша 13 наубайханаға және аудандар белгілеген операторларға бірінші сортты ұн босатылады.

«Айналым схемасы» бойынша, әлеуметтік дүкендер мен бұрыштарда әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының 19 түрін қымбаттамауы ету және белгіленген бағада сату үшін 16 кәсіпкерлік субъектісіне 1143 млн теңге қарыз берілді. Тұрақтандыру қорында барлығы 39 дүкен болса, оның 2-і тауар өндірушіні қолдау үшін «КЗОЕТ» жеке кәсіпкерлігіне сыыр етін белгіленген бағада сату үшін жүктелген. Қалған 37 дүкенді кәсіпкерлік субъектілері өтеуі үшін пайдалануда. Әлеуметтік дүкендер мен сауда орындарындағы өнімдердің бағасына күн сайын мониторинг жүргізуді бекітілген жауапты қызметкерлер тұрақты бақылайды. Бүгінде барлық әлеуметтік дүкендерде 19 азық-түлік тауары белгіленген бағада сатылууда.

Мәселен, нан 55, кант 450, өсімдік майы 630, картоп 130, сәбіз 130, бас пііз 100, қырыққабат 95, I сортты ұн 135, қарақұмық жармасы 514, күріш 175, макарон 200, сир еті 1700, тауық еті (окорок) 980, жұмыртқа 29, сүт 312, айран 225, сүзбе 1283, сары май 2504 және тұз 40 теңгеден сатылууда.

Әлеуметтік дүкендердегі өнімдер құны нарықтық бағадан төмен болғандықтан, тауарларды көтерме сатып алу және қайта сату фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ өнімдерді әрбір отбасына жеткізу үшін тапшы тауарларға шектеу енгізілді. Бір сатып алушыға нан 3 дана, кант 1 кг, картоп 3 кг, сәбіз 2 килограмнан беріледі.

Биылдан бастап апта сайын тұрақтандыру қорының және қоғаммен бірлескен кәсіпорындар шығарған тауарлардың жәрмеңкесі ұйымдастырылууда. Қызылорда қаласында 30, Арал қаласында 2, Шнелі кентінде 2, Жосалы кентінде 1, Теренөзек кентінде 3, Жаңақорған кентінде 1, Жалағаш кентінде 2, Байқоңыр қаласында 1, барлығы 42 рет жәрмеңке өтті. Жалпы қордағы өнімдер тұрғындарға тиімді бағада ұсынылып, нарықтағы бағаны тұрақтандыру бағытындағы шаралар жүргізілуде, – делі ол.